

Мұрагерлік жөніндегі заңдарды соттардың қолдануындағы кейбір мәселелер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 1992 жылғы 18 желтоқсан N 7. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2009.06.29. N 5 Нормативтік қаулысымен.

Мұрагерлік жөніндегі заңнаманы біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Атауы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

1. Мұра жөніндегі істер бойынша дауларды шешкенде соттар мұра ашылған кезде қолданылған заңды басшылыққа алуы тиіс.

2. Мұра қалдырушының тұрақты жерінен уақытша кетуіне байланысты: мысалы: нақты әскери қызметіне, оқуына, жұмыс жағдайымен түріне қарай іссапарына, өңделу мекемесіне орналасуына, бас бостандығын айыру орнына камалуына байланысты кеткенде және тағы басқа жағдайларда - мұраның ашылған жері болып, оның соңғы түпкілікті тұрағы есептеледі.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АҚ) 1042 бабына сәйкес мұраның ашылған уақыты болып мұра қалдырушының өлген күні, ал оны өлген деп жариялағанда - азаматты өлген деп жариялаған сот билігінің күшіне кірген күні танылады. Мұндай жағдайда, егер бірінен кейін бірі мұрагер болатын азаматтардың өлімі бір уақытта немесе бір күн тізбелік тәуліктік ішінде бірақ әрбөлек сағатта болса, онда олар бір-бірінен кейін мұраға ие болмайды, мұра тек олардың әрқайсысынан кейін ашылады.<*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

4. АҚ-тің 1068-бабына сәйкес қайтыс болған адамның ол қайтыс болғанға дейін және онымен бірге тұрған кемінде бір жыл бойынша егер қарауында болса, еңбекке қабілетсіз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатады.<*>

Бұл ретте соттар елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерді, I, II және III топтағы мүгедектерді, оларға қарттығына байланысты

зейнетақы немесе мүгедектігіне байланысты жәрдемақы тағайындалғанына не тағайындалмағанына қарамастан, сондай-ақ он сегіз жасқа толмаған адамдарды, ал он сегіз жастағы және жасы одан асқан оқушыларды - күндізгі оқу нысаны бойынша оқу орындарындағы оқуы аяқталғанша, бірақ әрі кеткенде жиырма үш жасқа дейін еңбекке қабілетсіз адамдардың қатарына жатқызуға болатынын назарда ұстаулары қажет.<*>

Мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кем дегенде бір жыл оның асырауында болған немесе онымен бірге тұрған еңбекке қабілетсіз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатқызылады және мұраны иелену кезегі бойынша шақырылатын мұрагерлермен бірге мұраны иеленеді.<*>

АК-тің 1061-1066 баптарында көрсетілген заң бойынша мұрагерлер қатарына жатқызылған, бірақ мұраны иелену кезегі бойынша шақырылатын мұрагерлер қатарына кірмейтін еңбекке қабілетсіз адамдар, егер мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болса, олардың мұра қалдырушымен бірге тұрған тұрмағанына қарамастан осы кезектегі мұрагерлермен бірге мұраны иеленеді.<*>

Заңды мұрагерлер болған жағдайда бұл адамдар мұраның әрі кеткенде төрттен бір бөлігін иелене алады.<*>

Мұра қалдырушының толық қарауына немесе онан тұрақты өмір сүруіне ең қажетті көмек алып тұрған адамдар есептеледі.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

5.<*>

Ескерту. 5-тармақ алып тасталды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

6. Заң бойынша немесе өсиет бойынша мұрагер, егер ол өзінің мұраны иеленуге шақырылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты айдың ішінде мұрадан бас тартпаса, АК-тің 1045-бабында көзделген негіздер бойынша мұраны иелену құқығынан айырылмайды және оны заңмен белгіленген тәртіпте мұрагер деп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп танудың салдарынан мұраны иелену құқығын жоймаса, мұра ашылған уақыттан бастап АК-тің 1072-бабына сәйкес оған тиесілі мұраны немесе оның бөлігін /үлесті/ иелену құқығын алады.

Мұрадан бас тарту үшін мерзімді сот дәлелді себептер болған жағдайда екі айдан аспайтын уақытқа ұзартуы мүмкін.

Мұрадан бас тарту бір жақты мәміле болғандықтан, ол мұрагер тарапынан жойылуға немесе қайтарылып алуға жатпайды, бірақ ол мәміле ретінде ҚР

Азаматтық кодексінің негіздері бойынша /4-тарау/ жарамсыз болып танылуы мүмкін.

Мұрагер оған берілген мерзім /алты ай/ өткеннен кейін, сондай-ақ, егер мұрагер мұралық мүлікті шын мәнісінде иеленуге кіріссе не оған билік жүргізсе не оның мүлікке құқығын куәландыратын құжаттарды алу жөнінде өтініш жасаса , мұрадан бас тартуға құқылы емес. Мұрадан бас тартуды мұрагер мұра ашылған жердегі нотариуске арыз беру жолымен ресімдейді. АҚ-тің 167-бабына сәйкес ресімделген сенімхатта мұрадан бас тарту үшін өкілеттік белгіленген жағдайда, мұндай арызды мұрагердің өкілінің беруіне болады.

Мұраны иелену құқығы туралы куәлікті алу мұрагердің міндеті емес құқығы болып табылатыны ескеріле отырып, аталған куәліктің болмауы, егер мұра белгіленген тәртіппен қабылданған болса, мұрагерлік құқықтардың жойылуына негіз бола алмайды.<*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

7. Мұраның ашылғанына алты айлық мерзім өтпей тұрып талап қойылса, соттар көрсетілген мерзім өткенше Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 242-бабының 4)-тармақшасына сай іс жүргізуді тоқтата тұруы қажет.<*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

8. <*>

Ескерту. 8-тармақ алып тасталды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

9. <*>

Ескерту. 9-тармақ алып тасталды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

10. Жалпы бірлескен ортақ меншікке қатысушы қайтыс болған жағдайда мұра оның ортақ мүліктегі үлесіне ашылатынын, ал осы үлесті заттай бөліп беру мүмкін болмаған жағдайда - үлестің құнына қатысты болатынын соттар есте ұстаулары қажет.<*>

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

11. Азаматтардың банкідегі ақшалары мұра құқының жалпы ережелеріне сай мұраланады.

Жұбайлардың неке кезінде жинаған ақшалары олардың жалпы ортақ меншігі болып есептеледі. Өлген жұбайының үлесі тірі қалған жұбайының атына салған ақшаға қарай анықталады.

Барлық мүлік көрсетілген тәртіппен куәлендірілген өсиетпен қалдырылғанда, оған банкідегі ақшада кіреді, егер ол жөнінде осы өсиеттен кейін жасалған басқа өсиет болмаса.

12. Соттар мұрагерлердің араларындағы өсиеттің шындығы туралы дауларын шешкенде, өсиеттің формасына және мазмұнына аса негізді мән беретін заңды қолдануға тиісті (АК-тің 153-бабының 2-тармағы, 1050, 1051-баптары) - оны сақтау өсиеттің заңды екенін қамтамасыз етеді.<*>

Соттарға өсиетті азаматтардың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін екені түсіндірілсін. Мұндай адам үшін өсиеттің жарамсыз деп танылуы өсиетті әзірлеудің, оған қол қою мен куәландырудың АК-тің 1050 және 1051-баптарымен белгіленген тәртібінің бұзылуынан, сондай-ақ мәмілені жарамсыз деп тану үшін азаматтық заңнамамен белгіленген негіздер бойынша мүліктік салдары болады /АК-тің 4-тарауы/. Өсиет жарамсыз деп танылған жағдайда, осы өсиет бойына мұрадан айырылған мұрагер АК-тің 1060-бабына сәйкес заң бойынша мұраны иеленуге шақырылады.<*>

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

13. Жоспарсыз салынған құрылысқа қалдырған өсиеттің (үй, саяжай, гараж) және мұра қалдырушы қайтқанда заңдандырылмаған құрылыстың ешқандай заңды күші болмайды. Мұра қалдырушы өлгеннен кейін оның атына жазылып заңдандырылғанда тек заң бойынша мұра ашылады.

14. АК-тің 1046, 1050-баптарына сәйкес өсиетті тек әрекет қабілеті бар азамат қалдыра алады. Өсиетті куәлендіретін адамға, міндетті түрде өсиет қалдырудың әрекет қабілеті бар екендігін тексеру жүктеледі.<*>

АК-тің 159-бабының 7-тармағының негізгі бойынша өсиеттің жарамсыздығы жөніндегі дауды шеше отырып, соттар сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті емес екенін, алайда оның қорытындымен келіспеуі дәлелденуге тиіс екенін назарда ұстаулары қажет /АІЖК-нің 96-бабының 7-бөлігі/.<*>

Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

15. Мұрагердің мұрадағы міндетті үлесіне құқығы, мұраның ашылған күнінен бастап есептелетінін соттардың ескеруі керек.

Мұра қалдырушыға АК-тің 1069 бабымен өсиет ету еркіне мынадай тежеу көрсетілген: жасы толмаған немесе еңбекке қабілетсіз балалары, оның ішінде бала ғып алған балалары, еңбекке қабілетсіз ері-зайыбы, ата-аналары (бала ғып алушылары) өсиеттің мазмұны қандай болса да, олардың әрқайсысы заң

бойынша мұрагер болғанда өзіне тиісті мұраның кемінде жарты мөлшеріне ие болады (міндетті үлес).<*>

Мұндай жағдайды заң мұрагердің міндетті үлеске құқығын оның мұра қалдырушымен бірге тұрғанымен және жалпы шаруашылықты бірге жүргізгенімен байланыстырмайды.

Егерде, міндетті үлеске құқығы бар мұрагер, мұра мүлікті заңда белгіленген тәртіппен қабылдап алмаса онда мүлік өсиет қалдырған мұрагерге өтеді. Міндетті үлеске құқық мұрагердің жеке өзімен ғана байланысты, сондықтан мұндай мұрагер тиісті мұрасын алуға үлгірмей қайтыс болса, оның міндетті үлес алу құқығы трансмиссия ретінде оның мұрагерлеріне ауыспайды.<*>

Міндетті үлес алатын мұрагерлердің құқығы бұзылған жағдайда, өсиетпен қалдырылған мұраның тек міндетті үлес бөлігі ғана заңсыз деп танылады. Мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагер үшін белгіленген кез келген шектеулер мен ауыртпалықтар тек мұраның міндетті үлестен асатын оған көшетін бөлігіне қатысты жарамды болады.<*>

Міндетті үлестің мөлшерін анықтағанда соттар мұра болып қалған мүліктердің құнын, оған үй жиһаздары мен бұйымдарын қосқанда, өсиет болмаған кезде заң бойынша, мұрагерлікке шақырылатын барлық мұрагерлерді есептеу керек.

Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

16. АК-тің 1078-бабына сәйкес, мұра ашылғанға дейін бір жыл бойы мұра қалдырушымен бірге тұрған мұрагерлер тұрғын үй-жайды, сондай-ақ үй жиһаздары мен бұйымдарын мұра ғып алу жөнінде басым құқыққа ие болады. Мұра қалдырушымен бірге ортақ бірлескен мүлікке меншік құқығы бар мұрагерлердің ортақ меншіктегі мүлікті мұралыққа алу кезінде артықшылық құқығы болады. Аталған артықшылығы бар құқықты жүзеге асырған кезде мұраны бөлуге қатысатын басқа мұрагерлердің мүліктік мүдделері сақталуға тиіс .<*>

Үй жиһаздары мен бұйымдарға қандай мүліктерді жатқызу туралы мұрагерлердің арасында шыққан даулар сотта нақты жағдайға және жергілікті әдет-ғұрыптарға байланысты шешіледі. Мұндай жағдайда барлық мұра болып қалған мүліктерге қарай және егер бұл мүліктер тұрмысқа пайдаланылған болса, кітапхана (балалардікінен басқа), қымбат бағалы аудио және көрсеткіш аппараттар, хрусталь ыдыстар, шырақтар (төбе шам) т.с.с. мүліктер кәдімгі үй жиһаздары мен бұйымдар ретінде саналады.

Кәдімгі жиһаздар мен бұйымдарға антикварлық, көркемдік, тарихи немесе басқа құндылығы бар бұйымдар жатпайды. Бұйымдардың көркемдік, тарихи

немесе басқа құндылығы туралы шыққан дау мәселесін шешу үшін сот экспертиза тағайындай алады.

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

17. Мүлікті бөлу оларға тиесілі үлестерге сәйкес мұрагерлердің келісімі бойынша, ал келісімге қол жетпеген жағдайда - сот тәртібімен жүргізіледі. Мұралық мүлікті бөлу туралы дауды шеше отырып, сот оның құрамын және істі қарау кезіндегі оның нақтылы құнын істі қараған уақытқа сәйкес анықтауға тиіс. Бөлуге жататын мүліктің құрамына мұра қалдырушының АҚ-тің 115, 116-баптарына және 191-бабының 2-тармағына сәйкес, азаматтардың меншік құқығының объектісі болуы мүмкін жылжитын және жылжымайтын мүлкі қосылуы мүмкін.

Соттар мұралық мүлікті өсиет бойынша мұрагерлер арасында бөлу, мұраның бәрі немесе оның бір бөлігі мұрагерлерге нақтылы мүлік көрсетілмей, үлестей мұра етіліп қалдырылған жағдайларда мүмкін болатынын назарда ұстаулары қажет.<*>

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

18. Егерде сақтандыру өтеуін алуға бұрын тағайындалмаған болса, сақтандыруды өлген жағдайда оның қарауында және асырауында болған кәмелетке толмаған және еңбекке жарамайтын балалары, ата-аналары оның сақтандыру бойынша қандайда болмасын тиісті бөлігін өтеуін алуға құқылары жоқ.

Сақтандыру өтеуі мына жағдайда сақтандырылған адамның мұра мүлкіне кіреді:

- егер сақтандырылған адамның өлімі сақтандыру шартында көзделгендегідей жағдай болса, онда сақтандырылған адам сақтандырушы болып табылмаса немесе өзі сақтандырушы болып табылса, бірақ шартта пайда алушы ретінде көрсетілмесе;

- егер сақтандырылған адам шарт бойынша сақтандыру төлемін алуға тиісті тұлғаның (пайда алушының) қылмыстық жазаға тартылатын қасақана әрекетінен қайтыс болса;

- егер сақтандырылған адам мерзімі өтіп кеткен жиынтық сақтандыру шарты бойынша оған тиесілі өтеуді алуға үлгермей қайтыс болса;

- заң актілеріне сәйкес өмірі мен денсаулығы міндетті сақтандыруға жататын азаматтар қайтыс болған жағдайда (әуе, темір жол, теңіз, ішкі, су және автокөлік жолаушылары). <*>

Сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері

сақтандыру объектісі болған сол мүлікке және сақтандырылған адамның осы мүліктік құқығына мұрагерлеріне, шарттармен немесе заңнамалық актілермен өзге жағдайлар көзделмеген болса, сақтанушының келісімімен өтуі мүмкін. <*>

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

19. Отан соғысының мүгедектерінің тегін алған автомашинасы немесе мотоциклі болса семьясының жеке меншігінде қалады.

20. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 40-бабының 2-тармағына сәйкес жерді ұзақ мерзім бойы уақытша пайдалану құқығымен жер учаскесі өзіне тиесілі азамат қайтыс болған жағдайда жерді пайдалану құқығы жалпы негізде азаматтық заңнамамен көзделген тәртіппен мұрагерлік етіледі.

Жерді қысқа мерзімде уақытша пайдалану құқығы, егер жерді уақытша пайдалану шартында өзгеше көрсетілмесе, азаматтық заңнамамен белгіленген тәртіпте мұрагерлік етіледі.

Шаруа (фермер) қожалығының мүлкі оның мүшелеріне жалпы ортақ немесе жалпы үлестік меншік құқығымен тиесілі болғандықтан, шаруа (фермер) қожалығының мүлкіне және жер учаскесі құқығына мұрагерлік Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

21. Мұраны қабылдаған мұрагер мұраны бөлу дауын шешкенде мұрадан бас тарта алмайды. Ол тек талабынан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда ол өзіне тиесілі мұра бөлігін басқа мұрагерлердің біреуіне береді немесе басқа мұрагерлерге бөлініп беріледі. Келісумен немесе ескертумен мұрадан бас тартуға болмайды.

22. <*>

Ескерту. 22-тармақ алынып тасталды - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 11 нормативтік қаулысымен .

23-25. <*>

Ескерту. 23-25 тармақтар алып тасталды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

26. Келтірілген зиянды өндіру жөніндегі талап бойынша, іс бойынша жауапкер адам өлгенде, істі өндірістен қысқартуға болмайды (АІЖК-нің 247-бабының 5) тармақшасы), өйткені заң бұл құқық қатынасында құқық қабылдау мүмкіндігін жасаған және мұра қабылдаған мұрагерлер мұра қалдырушының берешегіне өздеріне өткен мұра мүлкінің көлемінде жауап береді.

Ескерту. 26-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

27.<*>

Ескерту. 27-тармақ алып тасталды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.12.22. N 18 қаулысымен .

28. Осы қаулының қабылдануымен байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 1976 жылғы 29 наурыздағы N 2 (1978 жылы 23 наурыздағы және 1987 жылғы 2 қазандағы енгізілген өзгерістер және қосымшалар) " Соттардың мұра жөніндегі заңды қолдануының кейбір мәселелері жөніндегі" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

"Мұра қабылдау істері жөніндегі соттардың тәжірибесі туралы" N 8 ССРО Жоғарғы сотының 1986 жылғы 1 шілдедегі "Пленумның қаулысы қолданылмайды" деп саналады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК